

Кувейт Мемлекетінде Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 31 қаңтардағы № 747 Жарлығы

Қазақстан Республикасының Кувейт Мемлекетімен дипломатиялық қатынастарын
нығайту мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Эль-Кувейт қаласында (Кувейт Мемлекеті) Қазақстан Республикасының Елшілігі
ашылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын қажетті
шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті *Н.Назарбаев*